



Автор: Мырзағали Перизат Сәкенқызы

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Киіну. Сән. Талғам.

Тақырып: Киім түрлері және талғам.

Белгілі бір оқыту мақсаты	О4 Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау. Ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру. ӘТН 5 Пунктуациялық норма. Төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану
Сабақтың мақсаты	Оқушылардың барлығы: Ауызекі стиль ерекшелігін біледі. Оқушылардың көбісі: Ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын түсінеді, тақырыбын, стилін, тілін салыстыра алады. Оқушылардың кейбірі: Төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін біледі.
Сабақтың түрі	Жаңа сабақты меңгерту
Ұлттық құндылықтар	«Мәңгілік ел» құндылығы: Ұлттық мәдениетті құрметтеу. Адамгершілік құндылықтары: өзіне және айналадағы адамдарға құрмет көрсету, өзгенің пікірін тыңдау, бағалай білу.
Пәнаралық байланыс	Бейнелеу өнері
АКТ –ны қолдану дағдылары	Таныстырылым
Бағалау критерийі	Бағалау критерийі: Мәтіндердің ерекшелігін айта алады; Ұқсастығын таба алады; Төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдана алады.
Тілдік міндеттер	Пәндік лексика мен терминология: Тон, ілек тон, оқалы тон, жабағы тон, бүрмелі тон, қаптал тон, жарғақ тон, былғары тон, тұлып тон, шолақ тон, зерлі тон, қырықпа тон, іштік тон. Оқушылар түсінеді және сипаттайды...Диалог және жазылымға пайдалы тіркестер: Менің байқағаным,...Менің ойымша,... Мен ойлаймын...

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Сәлемдесу. Оқушылар жыл мезгіліне сай киілетін киім суреттерін бөліп алады. Қыстық киім, күздік киім, жаздық киім, көктемде киетін киім 1-тапсырма.Суреттер мен тірек сөздерді пайдаланып, 1 минуттық диалог жасайды. Тон, шапан, бүрмелі көйлек, камзол, бешпент, қазақ халқы, сырт киімдер, жыл мезгілі, мал терісі мен жүні, жабағыдан тігілген, қыстыгүні, күздігүні Мұғалім үздік шыққан диалогты өзі таңдап, топ алдында тыңдайды. Мұғалім сұрақ қояды. Тілдесім формасының қай түрін жүзеге асырдық? Ауызша сөйлеуде не оңайырақ? Бүгінгі сабақта біз не туралы талдаймыз? Сабақ тақырыбы, мақсатына болжау жасалады. Мұғалім оқушы жауаптарын нақтылай отырып, сабақ тақырыбы мен мақсатын, бағалау критерийін таныстырады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30 минут)	2-тапсырма. Жұпта оқып, 1 минут өзара талқылайды. Оқушыларғаталдауға мүмкіндік беретіндей ауызекі сөйлеу стилінде жазылғанмәтіндер беріледі. Ауызекі сөйлеу стилінің ерекшелігі: Адамдардың бетпе – бет кездесуі арқылы жүзеге асады; -сөздер мен сөз тіркестерін еркін қолданылады; -сөйлем ықшам құрылады; -арнайы мәнермен айтылады; -даярлықсыз өткізілу (сөйлеу) Стильге тән тілдік тұлғалар (қолданыстар) -Жергілікті сөздер (диалект, кәсіби сөздер); -Қарапайым сөздер (ренішке, ұрысуға байланысты сөздер) ;-Сұраулы, лепті, толымсыз сөйлемдер жиі қолданылады; -Инверсия (сөйлем мүшелерінің орын тәртібінің сақталмауы) жиі кездеседі. -Көбінедиалог түрінде және эмоциялы болады Оқылымалдытапсырмасы.Қыстығүні қандай киімдер киеміз? Сырт киімнің қандай түрлері бар? Тон қандай киім? Оның түрлерін кім біледі? Сәйкестендіру тесін ауызша орындайды Тон лауазымдылық киім, мундир. Іліктон оқа, түйме тағылған, сыйға тартылатын әдемі тон. Шентон қаусырма белдігі бар қымбат та сәнді сырт киім. Оқалы тон иленген қой терісінен, жүнін ішіне қаратып тіккен жылы қалың сырт киім Қамқа тон құдалыққа барғанда сыйға тартылатын әдемі тон Дұрыс жауап слайдтан көрсетіледі. Тон – иленген қой терісінен, жүнін ішіне қаратып тіккен жылы қалың сырт киім. Іліктон – құдалыққа барғанда сыйға тартылатын әдемі тон.Шентон – лауазымдылық киім, мундир. Оқалы тон – оқа, түйме тағылған, сыйға тартылатын әдемі тон. Қырмызы тон - қыз-келіншектерге арнап қызыл масатыдан тігілген шапан. Қамқа тон- жұмсақ қып иленген қой терісінен тігілген қаусырма белдігі бар қымбат та сәнді сырт киім. 3- оқылым тапсырмасы. Оқушылар топта мәтінді оқиды. 1-мәтін. Суық ауа райында, әсіресе, қар мол жауғанда тон кигенге не жетсін, шіркін! Сырт киімнің осы түрі қыз-келіншектердің көңілін көтереді емес пе?! Осы тұста айтар жаңалық бар. Шымкентте ерекше тондардың жәрмеңкесі өтіп жатыр. Жәрмеңкедегі тұрғындар пікіріне назар аударайық. -Шымкенттіктер әдемі киінгенді ұнатады негізі. Тон жәрмеңкесі бүгіннен бастап ашылды. Тонның түрі өте көп әрі бағасы да қолжетімді. Қараңыздаршы, әр тонға 30 пайыз жеңілдіктер қарастырылған. -Қарағым-ау, зауыттан тікелей жеткізілген сырт киімдердің бағасы нарықтағы өніммен салыстырғанда ап-арзан болады ғой! -Мәссәған! Көздің жауын алатын әдемі тондарды таңдау қандай қиын! Кеше келіп, көріп кетіп ем, бүгін жаңа киімдер түсті деген соң , тағы да кеп тұрмын. Қарашы, қандай керемет! Осы орайда “Союз меха” жәрмеңкесінің директоры Жансая Қожахметовамен сұхбаттасқан едік. - Бұл компания жоғары сапалы өнімдерімен әлемге танымал ғой. Өзіндік тәсілмен тігілген қарақұндыз, түлкі жағалы ішіктер мен тондар, өнімнің түр-түрі осында. Мутон, яғни, австралия қойының терісінен тігілген тондар да сәннен қалмайды. Осыған орай жәрмеңкені 16 ақпанға дейін жалғастырамыз. 2-мәтін. Қызыл көйлек Айсәуле 5-сыныпта оқиды. Бүгін оған әпкесі жаңа көйлек сатып әкелді. Көйлек болғанда қандай десеңші! Жаңа піскен қызанақтай қып-қызыл! Өзі Айсәулеге шақтап тігілгендей, денесіне қона кетті. Бұған дейін кигендері түсі оңып кеткен, ескі-құсқы бірдемелер болушы еді. Айсәуленің әкесі былтыр көз жұмған, бес баланың жауапкершілігі анасына жүктелген, қайта үлкені Жанар жақында көлік жуу орталығына жұмысқа тұрған... Айсәуле қуаныштан аяғы жерге тимей жүгіріп құрбысы Нұргүлге барды. Құрбысының көйлегі Нұргүлге қатты ұнап, тамсанып біраз тұрды: - Түу, көйлегің әдемі екен! Кім әперді? -Жанар әпкем сатып әкелді. Жап-жаңа көйлек! Нұргүл үндемеді. Өзінің үстіндегі тозған, ескі көйлегіне қарап жүзін төмен салды. Оның тағдыры да Айсәулеге ұқсас еді. Бұрылып бара жатып, жасқа шыланған көзін сұртті. Анасы Айсәулеге: Қыдырғанда киесің әзірге шешіп қой енді кірлетесің ғой деп еді Айсәуле әдемі көйлекті шешуге қиады. Күнде кие бергесін бе, терлегесін бе, әйтеуір, Айсәуленің көйлегі көп ұзамай кірлеп қалды. Анасы жуып, жіпке іліп қойған көйлегінің тез кепкенін күтіп Айсәуле ағаш түбінде отыр еді. Сәлден соң анадай жерде отырған Нұргүлдің сары мысығына көзі түсті. Менің көйлегімді торуылдап жүрсің бе Бүлдірмексің ғой, ә Қайт үйіңе, көне, пыш-пыш әрі!- деп мысықты қуалай жөнелді. 1-тапсырмасы Екі мәтінге салыстырмалы талдау жасайды. Бағалау критерийі: Мәтіндердің 4-5 ерекшелігін айта алады; 3 ұқсастығын таба алады; «Венн» диаграммасы А мәтінінің ерекшелігін айтады. Ә мәтінінің ерекшелігін айтады. Ортақ ерекшелігін анықтайды. Сөйлеу стилі: ауызекі Мақсаты: Қарым – қатынас жасау Жанры: Әңгіме, сұхбат Тақырыбы: Тілі: Сөз деңгейінде (диалект, кәсіби, қарапайым, жаргон сөздер, қаратпа, қыстырма, одағай сөздер бар ма?) Сөйлем деңгейі (сұраулы, лепті	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (5 минут)	«Себет» кері байланысы. Бүгінгі сабақтан қандай жаңа мәлімет алдыңыз ? Алған біліміңді себетке салыңыз. Қазақтың ұлттық сырт киімдері туралы білдім; Тон түрлерін білдім; Ауызекі сөйлеу стиліне тән ерекшеліктерді білдім.	
Үйге тапсырма	«Сізге анаңыз ... сатып әперді. Бұл сіз үшін күтпеген жаңалық. ... сізге қатты ұнады.» Алған ... сипаттап шағын әңгіме жазыңыз. 80 сөз. Бағалау критерийі: Әңгімеге ат қояды; Тақырыпқа сай қызықты сюжетке құрылған; Ауызекі сөйлеу стиліне сай диалогқа (сұраулы, лепті сөйлем) құрылған; Одағай, қаратпа, қарапайым, диалект сөздер қолданған; Толымсыз сөйлемдер бар.	